



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы,
публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана, 2023

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор,
көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің
85 жылдығына арналған
«МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Астана 17 наурыз 2023 жыл

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
Қ70

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасын басқарған: Сыдықов Е.Б.

Редакция алқасы: А.Бейсенбай, Қ.Саркенова, Б. Әбдуәлиұлы (жауапты шығарушы),
Маликов Қ., Кенжалин Қ.К.

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, көрнекті тіл маманы, әдебиет сыншысы, публицист М.С. Серғалиевтің 85 жылдығына арналған «МЫРЗАТАЙ СЕРҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ФИЛОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 345 б.

ISBN 978-601-337841-1

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы, дамуы, бүгінгі көтерілген дәреже-биігі – қазақ ғалымдарының ондаған жылдарғы ұжымдық ізденістерінің жемісі. Осы ұжымның ішінде М.Серғалиевтің есімі оқшау аталатын мамандар қатарында тұрады. Ол тіл білімі, публицистика, әдістеме бағытында қатар еңбек етіп, қазақ руханиятында өзіндік із қалдырды. Бүгінде ғалым-ұстаздың қалыптастырған ғылыми мектебі өз жұмысын жалғастыруда, сонымен қатар серғалиевтану ізденістері де басталып келеді. Жинақта жарық көрген ғалымның ғылыми мұрасына арналған зерттеулер – сол жұмыстардың нақты көрсеткіші.

Конференция Мырзатай Серғалиевтің ғылым мұрасын зерделеуге және жалпы филология мәселелеріне арналған. Жинақта отандық зерттеушілермен қатар, түркі тілдес елдер ғалымдарының тіл, әдебиет, тарих, әдістеме салалары бойынша жасаған баяндамалары мен мақалалары жарияланып отыр.

ISBN 978-601-337841-1

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

12. Verdonik D. Between understanding and misunderstanding // Journal of Pragmatics. 2010. Vol. 42 (5). P. 1364-1379.
13. Linell P. Troubles with mutualities: towards a dialogical theory of misunderstanding and miscommunication // Marková I., Graumann C., Foppa K. Mutualities in dialogue. Cambridge: Cambridge University Press, 1995. P. 176-213.
14. Falkner W. Verstehen, Missverstehen und Missverständnisse: Untersuchungen an einem Korpus englischer und deutscher Beispiele. Tübingen: Niemayer, 1997. 275 s. <https://doi.org/10.1515/9783110929638>
15. Бацевич Ф. С. Основы коммуникативной лингвистики: Пособие. - К.: Видавничий центр «Академія», 2004. – 344 с.
16. Jucker A. H., Smith S. W., Ludge T. Interactive aspects of vagueness in conversation // Journal of Pragmatics. 2003. Vol. 35 (12). P. 1737-1769.
17. Адилова А.С. Қабылдау стилистикасы. Оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016. – 100 б.

М.С.СЕРГАЛИЕВТИҢ GOOGLE SCHOLAR ПРОФИЛІ: СІЛТЕМЕ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

СӘРСЕКЕ Г.Ә.,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Астана, Қазақстан*

Абстракт. В статье представлены результаты исследования влияния академика Сергалиева Мырзатай Сергалиулы и его научных публикаций на ученых и исследователей и научных исследований в области лингвистики. Целью данного исследования является определение индекса цитирования на научные работы ученого. Был создан профиль М.Сергалиева в системе Google Scholar. Исследование проводилось в системе Google Scholar методом анализа цитирования. Анализ цитирования показывает популярность научных работ ученого в области языкознания. Количество ссылок на 13 работ ученого – 59, в том числе количество ссылок за последние 5 лет – 26. Индекс Хирша (h-index) – 5. В результате исследования методом анализа цитирования были выявлены работы ученого с наибольшей и наименьшей цитируемостью. Результаты исследования показывают, что труды Мырзатай Сергалиулы, изданные во второй половине прошлого века, до сих пор пользуются популярностью в научной среде. Исследования, проводимые ученым на основе данных казахского языка, имеют влияние не только в отечественном, но и в научном пространстве ближнего зарубежья. Труды М.Сергалиева используются и цитируются учеными и исследователями татарского, башкирского, кыргызского, каракалпакского, хакасского и азербайджанского языков.

Ключевые слова: анализ цитирования, импакт, импакт фактор, цитирование, М. Сергалиев, Google Scholar

Abstract. The article presents the results of a study of the influence of Professor Sergaliev Myrzatai Sergaliuly and his scientific publications on scholars and researchers and research in the field of linguistics. The purpose of this study is to determine the citation index for the scientific work of M. Sergaliev. A Google Scholar profile for M. Sergaliev was created. The study was conducted on Google Scholar using the citation analysis method. The citation analysis has shown the popularity of his

scientific works in the field of linguistics. The number of citations to 13 works of the scholar is 59, including 26 citations for the last 5 years, and h-index - 5. The works of the scholar with the highest and lowest citations were revealed. The results of the study show that the works of Myrzatai Sergaliuly, published in the second half of the last century, are still popular in the scientific community. The research conducted by the scholar on the basis of the data of the Kazakh language has an impact not only on the domestic, but also on the foreign scientific community. The works of M. Sergaliyev are used and cited by scholars and researchers of the Tatar, Bashkir, Kyrgyz, Karakalpak, Khakass and Azerbaijani languages.

Keywords: citation analysis, impact, impact factor, citation, M. Sergaliyev, Google Scholar

Кіріспе

Ғылым мен ақпараттық технологияның дамуымен ғылымдағы көрсеткіштерді өлшеу мен бағалау маңыздылыққа ие бола бастады. Кеңестік ғылымда ғалымдардың ғылыми зерттеулеріне сілтемелер жасалып, дәйексөздер берілгенімен, оның санын есептеу мен бағалау жүйесі өзекті болмады. Қазірде Web of Science, Google Scholar сияқты түрлі деректерді біріктірген халықаралық платформалар ғылыми еңбектерге сілтемелер деректерімен қамтамасыз етеді, бағалау әдістемелерін ұсынады. Белгілі бір ғалымның зерттеу(лер)іне сілтемелер берілсе, ол еңбек(тердің)тің ғылыми әлеуеті мен ықпалын анықтайды. Сілтемелер санының артуы ғылыми еңбектің ықпалының арта түскенін көрсетеді. Ғалымдардың өздері ғылыми жарияланымдарының зерттеу саласындағы ықпалымен және сапасымен бағаланады. Академиялық институттар жекелеген тұлғалардың пікірлерімен қатар, ғалымдардың жарияланымдар саны мен ықпалына қарап шешім шығарса, түрлі комитеттер жұмысқа қабылдау, мансапта жоғарылату шешімдерінде объективті баға беріп, қорытындылар жасау үшін сілтеме талдауына сүйенеді. Осы бағытта мен де ғылымдағы ұстазым академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Серғалиев Мырзатай Серғалиұлының еңбектерінің ғылыми ортадағы ықпалын анықтауды мақсат еттім. Зерттеуімнің мақсаты - ғалым еңбектеріне сілтеме беру көрсеткіші қандай деген сұрақты ашу. Зерттеу сұрағына орай, алдымен, сілтеме талдау әдістемесі туралы түсінік беріледі, екіншіден, ғалымның Google Scholar-да жасалған профилі таныстырылады, үшіншіден, ғалымның еңбектеріне берілген сілтемелердің талдауы мен нәтижелері ұсынылады. Соңында зерттеудің нәтижелері қорытындыланады.

Сілтеме талдау әдістемесі

Зерттеуімнің әдісін баяндамастан бұрын зерттеудің бағытын оқырман дұрыс түсіну үшін тақырыпқа қатысты басты терминнің мәнісін ашып алуды жөн көрдім. Ағылшынның *citation* сөзі қазақ тіліне орыс тілінің *цитата* сөзінен *дәйексөз* болып аударылған [1]. Дегенмен *дәйексөз* ағылшын тіліндегі *citation* сөзінің мәні мен қолданысын толық ашпайды. Қазақ тілді танымда *дәйексөз* «басқа біреудің айтқан пікірінен үзінді алынып, өзгертілмей беріледі» [2], немесе «жазылған не айтылған мәтіндегі автордың ойын нақтылау, дәлелдеу, құптау үшін белгілі бір ғалымның не ақындар мен жазушылардың шығармаларынан сөзбе-сөз алынған үзінді; цитата» [3] деп анықталады. Ағылшын тіліндегі *citation* сөзінің мағынасы бұл мағынадан кең: бұл сөздің мәнісі сіздің зерттеуіңізде пайдаланылған ақпарат көзіне сілтеме болып табылады. *Сілтеме* сіз өзіңіздің жұмысыңызда басқа біреудің идеясының маңызды элементтерін тікелей дәйексөз келтіріп, парафраздап немесе қорытындылап пайдалануды білдіреді. Сілтеме мәтін ішінде және мәтін соңында беріледі. Сәйкесінше сілтемені орналасу ретіне қарай екі түрге бөледі: мәтін ішіндегі сілтеме және мәтін (не еңбек) соңындағы сілтеме. Мәтін ішіндегі сілтеме - бұл оқырманға ақпарат көзіне нұсқайтын жұмыстың мәтініндегі сілтеменің қысқа түрі. Мәтін соңындағы сілтеме - ақпарат көзі туралы барлық қажетті мәліметтерді көрсететін сілтеменің толық түрі. Сонда дәйексөз сілтемені берудің бір жолы ғана. *Дәйексөз* ағылшын тіліндегі *quotation* сөзінің аудармасы болуы керек. *Quotation* - *citation*-нің бір түрі. Біреудің еңбегінен

тікелей дәйексөз алу парафраздап немесе қорытып бергеннен гөрі сіз пайдаланғаныңыз келетін идея дереккөздің өзінде жақсы көрсетілген кезде пайдаланылады және тырнақшалармен қоршалған болуы керек. *Citation* зат есімінен бөлек ағылшын тілінде *to cite* етістігі бар. Мұны біреудің еңбегіне *сілтеме беру, сілтеме жасау* сөз тіркесімдерімен аударуға болады және осы жұмыста солай қолданылды.

Ғылымда ғылыми еңбектің маңыздылығын бағалауда сол еңбекке жасалған сілтемелерді талдау әдістемесі қалыптасты. Менің зерттеуімнің әдісіне осы сілтеме талдау әдісі негіз болды. Осы әдістеме қашан басталды және кім қалыптастырды деген тарихына көз салсақ, алғаш 1927 жылы жарияланған П.Л.К. Гросс пен Э.М. Гросстың мақаласынан басталған [4]. Қазір бұл санау әдістемесін сілтеме талдау әдісі деп те атайды. Сілтеме талдау дегеніміз не? Бұл - автордың немесе мақаланың басқа жұмыстарда сол авторға немесе мақалаға қанша рет сілтеме жасалғанын санау арқылы оның ықпалын өлшеу тәсілі. Сілтеме талдау жекелеген ғалымдарды бағалаумен қатар, кітаптар мен журналдарды, ұлттық ғылыми саясаттардың және пәннің дамуын, зерттеу лабораторияларын бағалауда да жүргізіледі. Ғалымдарды бағалауда сілтеме талдау әдістемесі ғалымдардың зерттеулерінің ғылыми қауымдастыққа ықпалын өлшеумен байланысты, ол ғалымның сапасы жоғары еңбегі сапасы төмен еңбектерге қарағанда ғылыми әріптестерінен көбірек сілтемелер туындататынын көрсетеді.

Сілтеме талдау әдістемесін түрлі ғылыми деректерді жинақтаған ірі дерекқорлар институттары ұсынады. Сілтеме деректері белгілі бір дерекқорларда индекстелген болуы шарт, сонда ғана олар есепке алынады. Сондықтан бірнеше дерекқорларда индекстелген басылымдарда мақалалар жариялау ғалымның танымалдығын, өз зерттеу саласындағы ықпалын (импакт) арттырады. Бірнеше дерекқорлардағы сілтеме ақпаратын пайдалану және нәтижелерді салыстыру саладағы ықпалдың көрінісін жақсырақ ұсына алады. Сілтемені талдау дерекқорларының ішінде үш компанияның дерекқорлары ғылыми ортада кеңінен танымал. Олар: Clarivate Analytics компаниясының Web of Science (WoS), Elsevier компаниясының Scopus және Google компаниясының Google Scholar (GS) дерекқорлары. Web of Science - тандаулы беделді журналдар мен басқа да ғылыми басылымдардың сілтеме деректер қоры болса, Scopus - рецензияланған әдебиеттердің, атап айтқанда ғылыми журналдар, кітаптар және конференция материалдарының абстракты және сілтемелер қоры. Google Scholar - индекстелген ғылыми жарияланымдарды, соның ішінде журнал мақалалары, конференция баяндамалары, техникалық есептер, тезистер, препринттер, постпринттерді және Интернеттегі басқа да жарияланымдарды жинақтаған веб іздеу жүйесі. Бұл аталған дерекқорлардың әрқайсысының сілтеме талдау әдістемесінің өз ерекшеліктері бар, сонымен қатар артықшылықтары мен кемшіліктері де бар. Осылардың ішінде мен зерттеуімде Google Scholar іздеу жүйесін пайдаландым.


Google Scholar – әр түрлі баспа пішімдері мен пәндері бойынша ғылыми әдебиеттердің толық мәтінін немесе метадеректерін индекстейтін еркін қолжетімді веб іздеу жүйесі. Зерттеуімді осы іздеу жүйесіне құруымның басты себебі, оның қолжетімділігінде. Интернет байланысы болса жеткілікті, оны тегін пайдалануға болады. Google Scholar интернет байланысы бар кез-келген адамға тегін қолжетімді болуымен және жақсы жылдамдығымен мақталады. Бұл оның маңызды практикалық артықшылықтары болып есептеледі [5, 5]. Салыстырмалы түрде Web of Science дерекқорының ғылыми институттар мен университеттер жазылым құнын төлеген жағдайда ғана ғалымдарға қолжетімді екенін ескерсек, бұл, шынында да, Google Scholar-дың артықшылығы болып есептеле алады. Сонымен қатар Қазақстан секілді дамушы елдердің кеңістігін қамти алатын географиялық ауқымының кең болуын және ағылшын тілінен басқа қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулерді белгілі бір мөлшерде ұсынуын бұл жүйенің артықшылықтарына қосар едім.

Ғалымның Google Scholar профилі

Зерттеудің деректері Google Scholar іздеу жүйесінен алынды. Google Scholar іздеу жүйесін пайдалануымның бір себебі, оның, жоғарыда атап өткенімдей, қолжетімділігінде болды. Екінші себебі, зерттеу нысаны қазақ тілін зерттеуші ғалым, сәйкесінше қазақ тілді лингвистикалық зерттеулер болғандықтан, жоғарыда аталған екі дереккормен салыстырғанда Google Scholar-да индекстелген қазақ тілді зерттеулер қамтылған. Басқа дереккормен салыстырғанда Google Scholar-дың осындай бірқатар артықшылықтары оны зерттеуімде пайдалануға қолайлы етті.

Зерттеу мақсатына сәйкес, алдымен, Google Scholar іздеу жүйесінде академик Мырзатай Серғалиұлының аты-жөнін бірнеше нұсқалармен іздедім. Келесі сатыда ғалымның сілтеме берілген еңбектерін толық қамту мақсатында жекелеген еңбектерінің атауымен іздеу салдым. Ғалым зерттеулерінің жылына шектеу қоймадым. Google Scholar-дың автоматты іздеуі арқылы ғалымның бірқатар еңбектері табылды. Қалған еңбектерін қолмен қостым. Соның нәтижесінде ғалымның профилі жасалды. (Сурет 1).

Сурет 1. М.Серғалиевтің Google Scholar профилі



Ғалымның профилін жасау процесінде қажетті түзетулер қолмен енгізілді. Айталық, «Қазақ тілінің мәдениеті» кітабының екі басылымы жүйенің автоматты іздеуімен қосылды. Сілтемелерді зерттеп қарағанда екі басылымында да сілтемелер әр түрлі екенін байқадым. Google Scholar профилінде ыңғайлы көрінуі үшін екеуін қолмен біріктірдім, соның нәтижесінде сілтемелер саны да автоматты түрде қосылды (Сурет 1: *белгісі қойылған). Сондай-ақ «Сөз сарасы» кітабы автоматты іздеуден екі атаумен табылды: бірі «Сөз сарасы», енді бірі «Сөз сарасы (сын мақалалар)». Екі атаумен табылған бір кітапқа сілтемелер берген авторлар әр түрлі. Ыңғайлы көрінуі үшін екеуі біріктірілді және сілтемелер бірге саналды (Сурет 1: *белгісі қойылған). «Стилистика негіздері» еңбегі де солай реттелді (Сурет 1: *белгісі қойылған).


Google Scholar іздеу жүйесінде Мырзатай Серғалиев не Мырзатай Серғалиев деп іздеу салсаңыз, ғалымның профилі шығады. Әркім осы профилмен таныса алады және пайдалана алады. Болашақта ғалымның профилі басқа да зерттеулерімен толықтырыла түсетінін айтқым келеді.

Ғалым зерттеулеріне сілтеме талдауы және нәтижелері

Google Scholar профиліне (Сурет 1) академик М.Серғалиұлының 1971 жылдан 2013 жыл аралығында жарыққа шыққан 21 зерттеуі қосылды. Сілтеме талдауы 2008 жылдан 2022 жылдар аралығын қамтыды. Сілтеме санын жыл бойынша шаққанда, сілтемелердің ең көп саны ($n = 14$)

2015 жылға тиесілі де, сілтемелердің ең аз саны (n = 1) 2009 және 2010 жылдарға сәйкес келді. (Сурет 2)

Сурет 2. Сілтемелер жыл бойынша



Сілтеме талдау нәтижелері мынаны көрсетті. Ең көп сілтеме жинаған еңбек – «Қазақ тілінің мәдениеті» кітабы. Ұстазы М.Балақаевпен бірлесе жазып, 1971 жылы жарық көрген бұл еңбекке 16 сілтеме (n = 16) берілген. Екінші орынды 7 сілтемемен (n = 7) «Стилистика негіздері» оқулығы алды. Бұл оқулықтың басылымдары үш түрлі атаумен шықты: «Стилистика негіздері» (2004) (n = 3), «Стилистика негіздері (Оқулық)» (2006) (n = 2) және «Стилистика негіздері» (2006) (n = 2). Келесі орында Ш.Бектұровпен бірлесе жазып, 2006 жылы жарыққа шығарған «Қазақ тілі» оқулығы мен ғалымның жеке авторлығымен 1995 жылы жарияланған «Көркем әдебиет тілі» зерттеуі 6 сілтемемен (n = 6) орналасты. 1989 жылы баспадан шыққан «Сөз сарасы» зерттеуіне жалпы саны 5 сілтеме (n = 5) берілген, соның ішінде бір басылымы Google Scholar жүйесінде екі түрлі атаумен тіркеліп, әрқайсысы әр түрлі сілтеме санын көрсетті: «Сөз сарасы» (n = 3) және «Сөз сарасы (сын мақалалар)» (n = 2). Онан кейін сілтеме саны бойынша 4 сілтемемен (n = 4) «Синонимия синтаксических конструкций в современном казахском литературном языке» тақырыбындағы 1987 жылғы докторлық диссертациясы және «Синтаксистик синонимдер» атауымен 1981 жылы жарық көрген еңбегі орналасты. Келесі қатарда 3 сілтемемен 2006 жылы жарияланған «Синтаксис мәселелері» монографиясы орын алды. Ғалымның 1981 жылы жарық көрген кандидаттық диссертациясының «Синтаксическая синонимия в современном казахском литературном языке» атты авторефераты, 1991 жылы жарияланған «Етістікті сөз тіркестерінің синонимиясы» кітабы және 1996 жылы шыққан «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігі» әрқайсысы 2 сілтемеден (n = 2) жинаған. Ғалымның 2006 жылы бірлескен авторлықпен орыс тілінде жарық көрген «Культура казахского языка» еңбегі мен 2010 жылы баспадан шыққан «Синтаксистік зерттеулер» кітабы әрқайсысы 1 сілтемемен сілтемелер тізімін аяқтады. Сонда Мырзатай Серғалиұлының тізімдегі ғылыми еңбектерінің 13-іне сілтемелер берілген. Бұл – ғалым профиліне енгізілген барлық еңбектердің 61,9%-ы. Жалпы сілтемелер саны - 59, соның ішінде соңғы 5 жылдағы сілтемелер саны – 26. Хирша индексі (h-index) – 5, соның ішінде соңғы 5 жылдағы индексі – 3. i10 индексі (i10-Index) - 1, бұл сан кемінде 10 сілтемесі бар жарияланымдар санын көрсетеді. (Сурет 1)

Сілтемелер саны бойынша ең көп сілтеме берілген еңбек – 1971 жылы жарық көрген ұстазы М.Балақаевпен бірлесе жазған «Қазақ тілінің мәдениеті» (Алматы: Қазақстан) кітабы. Еңбекке 2003-2021 жылдар аралығында 16 сілтеме берілген. Оқулыққа 2003-2017 жылдар


аралығында 1 сілтеме берілсе, 2019 және 2021 жылдар аралығында сілтемелер беру саны артқан. (Сурет 3)

Сурет 3. «Қазақ тілінің мәдениеті» еңбегіне сілтемелер көрсеткіші



«Стилистика негіздері» оқулығына сілтемелер 2013 жылдан 2022 жылдар аралығында 7 рет берілген. Кітаптың 2004 және 2006 жылдары шыққан екі басылымына 2013, 2015, 2018, 2021 және 2022 жылдары бір сілтеме, 2020 жылы екі сілтеме берілген. (Сурет 4)

Сурет 4. «Стилистика негіздері» еңбегіне сілтемелер көрсеткіші



М.Серғалиұлының зерттеулерінен алынған тұжырымдарына, ойларына, қорытындыларына сілтемелер берген зерттеулердің тіліне, тақырыптық-құрылымдық және географиялық сипаттамасына зерттеу жасадым. Зерттеулердің басымы қазақ тілінде, біразы орыс тілінде және аз да болса ағылшын тілінде жарияланған. Зерттеулердің басымы тіл мәдениеті, синтаксис және стилистика салаларында, сонымен қатар білім беру, аударма, қазақ тілін оқыту әдістемесі салаларында және көркем әдебиет тілі, сөйлеу тілі, тіл экологиясы, медиамәтін т.т. тақырыптарында жарияланған. Сілтеме талдау ғалым еңбектерін пайдаланудың

географиялық ауқымы да кең екенін көрсетті. Зерттеулер географиясы Қазақстанның Алматы, Астана, Қостанай, Петропавл, Қарағанды, Семей, Ақтөбе қалаларын, жақын шет елдерден Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Азербайжан елдерін қамтыды.

Өз жұмыстарында М.Серғалиұлы зерттеулерінен сілтемелер келтірген азербайжан, татар, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, хакас тілдерінің зерттеушілері болды. Олардың көбі ғалымның синтаксистік синонимдер тақырыбында орыс тілінде жазған еңбектеріне сілтемелер берген. М. Серғалиұлының 1987 жылы қорғаған «Синонимия синтаксических конструкций в современном казахском литературном языке» докторлық диссертациясындағы зерттеу тұжырымдарына 2008 жылы башқұрт ғалымдары Д.С. Тикеев пен С.Х. Әғзәмовалар «Синтаксик синонимдар, параллелизмдар, варианттар һәм дублеттар тураһында» атты башқұрт тіліндегі мақаласында, 2015 жылы азербайжан ғалымы С.И. Зейналова «Исследование синонимии в тюркском языкознании» тақырыбындағы орыс тіліндегі мақаласында, 2017 жылы Өзбекстан зерттеушісі Ш. Алланиязова «Қарақалпақ тилинде атауыш сөз дизбеклериндеги синтаксислик синонимия» атты қарақалпақ тіліндегі мақаласында және 2021 жылы Татарстаннан Л.Г. Хабибуллина «Семантико-синтаксические отношения в татарском языке в свете тюркской грамматической теории» тақырыбындағы филология ғылымдарының докторына ізденген орыс тіліндегі диссертациясында сілтемелер берген (Сурет 5).

Сурет 5. «Синонимия синтаксических конструкций в современном казахском литературном языке» еңбегіне сілтеме берілген зерттеулер

The screenshot shows a search results page with the following elements:

- Filters:**
 - Any time
 - Since 2023
 - Since 2022
 - Since 2019
 - Custom range...
 - Sort by relevance
 - Sort by date
 - Create alert
- Search Results:**
 - Синонимия синтаксических конструкций в современном...**
 - Search within citing articles
 - [PDF] СЕМАНТИКО-СИНТАКСИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ТАТАРСКОМ ЯЗЫКЕ В СВЕТЕ ТЮРКСКОЙ ГРАММАТИЧЕСКОЙ ТЕОРИИ [PDF] antat.ru
 - ЛГ Хабибуллина - antat.ru
 - В современной лингвистике серьезное внимание уделяется изучению вопроса о внутренней организации и системе синтаксических отношений на уровне языковых ...
 - ☆ Save Cite Related articles All 2 versions »»
 - Исследование синонимии в тюркском языкознании**
 - СИ Зейналова - Вестник Пятигорского государственного ..., 2015 - elibrary.ru
 - В статье рассматривается освещенность проблемы синонимии прилагательных в тюркском языкознании. В тюркском языкознании в настоящее время имеется ряд ...
 - ☆ Save Cite Related articles
 - ИТМЦ Синтаксик синонимдар, параллелизмдар, варианттар һәм дублеттар тураһында**
 - ДС Тикеев - Проблемы востоковедения, 2008 - cyberleninka.ru
 - Синтаксик синонимдар берәуе икенсеуен алмаштыра ала, сынки улар бер йк мльльньне ағлалатар. ВП Сухотин да. ИИ Ковтунова ла параллелизм ұғым ...
 - ☆ Save Cite Related articles All 2 versions »»
 - [СТАТУС] ҚАРАҚАЛПАҚ ТИЛИНДЕ АТАУЫШ СӨЗ ДИЗБЕКЛЕРИНДЕГИ СИНТАКСИСЛИК СИНОНИМИЯ**
 - Ш Алланиязова - ... УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ БЕРДАХА, 2017 - science.karsu.uz
 - Аннотация Синтаксис–грамматиканың үлкен бір бөлімі болып, онда хәр бір тилге тән синтаксислик бирликлердің нызамлылықлары үйреніледі. Синтаксислик ...
 - ☆ Save Cite Related articles »»

Мырзатай Серғалиұлының 1981 жылы шыққан «Синтаксическая синонимия в современном казахском литературном языке» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясының авторефератына Ресейден татар ғалымдары Н.Н. Фаттахова мен М.А. Кульковалар 2015 жылы шыққан «Народные приметы: синтаксис и прагматика (на материале русского, татарского и немецкого языков)» монографиясында сілтеме берген. 2016 жылы осы авторефераттағы тұжырымдарға Ресейдің Абакан қаласынан зерттеуші М.Д Чертыкова «Глаголы со значением психической деятельности в хакасском языке (системно-семантический аспект)» тақырыбындағы филология ғылымдарының докторына ізденген диссертациясында сілтеме берген. (Сурет 6)

Сурет 6. «Синтаксическая синонимия в современном казахском литературном языке: автореф. дисс... канд. филол. наук» еңбегіне сілтеме берілген зерттеулер

Articles 2 results (0.02 sec) My profile My library

Any time
 Since 2023
 Since 2022
 Since 2019
 Custom range...
Sort by relevance
 Sort by date
 Create alert

Синтаксическая синонимия в современном казахском...
 Search within citing articles

[PDF] Глаголы со значением психической деятельности в хакасском языке (системно-семантический аспект) [PDF] iling-ran.ru
 МД Чертыкова - М.: ИЯ РАН, 2016 - iling-ran.ru
 В последние десятилетия вопросы исследования глагольной лексики в национально-культурном аспекте, следовательно, в тесной связи с культурой народа–носителя ...
 ☆ Save Cite Cited by 33 Related articles All 7 versions »

[воок] Народные приметы: синтаксис и прагматика (на материале русского, татарского и немецкого языков)
 НН Фаттахова, МА Кулькиова - 2015 - elibrary.ru
 Монография посвящена изучению процессов смыслообразования и интерпретации народных примет с учетом их структурно-семантических и когнитивно-прагматических ...
 ☆ Save Cite Cited by 11 Related articles

Ғалымның 1981 жылы жарық көрген «Синтаксистік синонимдер» еңбегі үш онжылдықтан соң түркі тілдерін зерттеушілер назарына ілігіп, ғалым идеялары жалғасын тапты. Қырғызстандық ғалым А.К. Жунусов 2014 жылы «Синтаксические синонимы, варианты и параллелизмы», 2015 жылы «Синонимия односоставных и двухсоставных повествовательных предложений» және 2016 жылы «Виды синтаксических синонимов», «Структурные, семантические строения синонимов» мақалаларында М.Серғалиев тұжырымдарына бірнеше рет сілтемелер берген. (Сурет 7)

Сурет 7. «Синтаксистік синонимдер» еңбегіне сілтеме берілген зерттеулер

Any time
 Since 2023
 Since 2022
 Since 2019
 Custom range...
Sort by relevance
 Sort by date
 Create alert

Синтаксистік синонимдер
 Search within citing articles

Виды синтаксических синонимов
 АК Жунусов - Известия ВУЗов Кыргызстана, 2016 - elibrary.ru
 Жалпы тил илиминде болобу, түркологиялык изилдөөлөрдө болобу, синтаксистик синонимия жана анын грамматика-семантикалык өзгөчөлүктөрүнө карай изилдөөчүлөр ...
 ☆ Save Cite Cited by 1 Related articles

Структурные, семантические строения синонимов
 АК Жунусов - Наука, новые технологии и инновации Кыргызстана, 2016 - elibrary.ru
 В статье рассматриваются взаимно связи синтаксических, лексических, морфологических синонимов. БИБЛИОМЕТРИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ: Входит в ...
 ☆ Save Cite Cited by 1 Related articles

СИНОНИМИЯ ОДНОСТАВНЫХ И ДВУХСТАВНЫХ ПОВЕСТОВАТЕЛЬНЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ
 АК Жунусов - Известия ВУЗов (Кыргызстан), 2015 - elibrary.ru
 В статье проанализирована синонимия односоставных и двух составных повествовательных предложений. БИБЛИОМЕТРИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ: Входит в ...
 ☆ Save Cite Related articles


СИНТАКСИЧЕСКИЕ СИНОНИМЫ, ВАРИАНТЫ И ПАРАЛЛЕЛИЗМЫ
 А Жунусов - Известия ВУЗов (Кыргызстан), 2014 - elibrary.ru
 СИНТАКСИЧЕСКИЕ СИНОНИМЫ, ВАРИАНТЫ И ПАРАЛЛЕЛИЗМЫ КОРЗИНА ПОИСК НАВИГАТОР ЖУРНАЛЫ КНИГИ ПАТЕНТЫ ПОИСК АВТОРЫ ОРГАНИЗАЦИИ ...
 ☆ Save Cite Related articles

Жалпы дерекқорлардың сілтеме талдауы индекстелетін дерекқорлардағы деректерді қамтитынын жоғарыда атап өттім. М.Серғалиұлы зерттеулеріне бұдан да көп сілтемелер берілгені сөзсіз, алайда сілтеме берген зерттеулер индекстелетін дерекқорларда тіркелмеген болса, сілтемелер талдауынан тыс қалып қалады.

Google Scholar жүйесінде сілтеме талдауда табылған кейбір дәлсіздіктерді айта кету қажет. Google Scholar сілтемелер берген кейбір авторлардың зерттеулерінің тақырыптарын

ағылшын тілінде көрсеткенімен, зерттеулерді ашып танысқанда олардың ағылшын тілінде емес, қазақ не орыс тілдерінде жазылғанын көруге болады. Мақала қазақ тілінде жазылса да, атауы платформада орыс не ағылшын тіліндегі аудармасымен тіркелген. Мысалы, Қ.З Сембиев пен Б.К. Тастанбековалардың мақаласының тақырыбы «Artistic features of the language of K. Zhumadilov's works» деп ағылшын тілінде көрінгенімен, мақала «Қ.Жұмаділов шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктері» тақырыбымен қазақ тілінде жазылған. (Сурет 8)

Сурет 8. «Сөз сарасы» еңбегіне сілтеме берілген зерттеулер



Сонымен қатар ғалымның зерттеу бағытына қатысы жоқ бір зерттеу сілтемелер тізімінен шықты. Мысалы, «Синтаксис мәселелері» монографиясына техника саласындағы бір мақала сілтеме ретінде есепке алынған. Дегенмен, мұндай сәйкессіздіктің өте аз екенін айта кету керек.

Кейбір сілтемелер мазмұнында сілтеме ғалымның Ш.Бектұровпен бірлесе жазған «Қазақ тілі» оқулығына емес, Ш.К.Бектұровтың жеке авторлығымен 2006 жылы жарыққа шыққан «Қазақ тілі» оқулығына берілген. Оған, мысалы, Д.Айтбаевтың (D. Aitbayev) «Өзбек-қазақ тілдеріндегі құрмалас сөйлем компоненттерінің байланысы» мақаласының (Türkoloji - dergipark.org.tr) сілтемесінде Ш. Бектұровтың «Қазақ тілі» (Алматы, 2006) оқулығының көрсетілгенін айтуға болады.

Мұндай дәлсіздіктерді Google компаниясының Google Scholar іздеу жүйесінің қазақ тіліндегі деректерді танып, индекстеуде кеткен олқылығы деп түсіндім. Компанияның іздеу жүйесін жетілдіріп отыратынын ескерсек, бұл кемшілік уақыт өте келе жойылады деп ойлаймын.

Қорытынды

Академик М.Серғалиұлының сілтеме талдау әдістемесінің өзекті болмай тұрған уақытта өмір сүріп, ғылыми зерттеулерін жариялағанын есепке алғанда, соның өзінде сілтемелер санының 59, хирша индексінің 5 болуы өте жоғары нәтиже екенін ерекше атап айту қажет. Бұл - 21 еңбектің сілтемелер берілген 13-нен ғана есептелген көрсеткіш. Егер қазақ тіліндегі зерттеулерді толық қамтитын дерекқор болып, оның индекстелетін деректерінен есептелсе, ғалымның хирша индексінің бұдан да жоғары болатыны даусыз.

М.Серғалиұлының зерттеулеріне сілтеме талдау нәтижесі ғылыми ортада көп қызығушылыққа ие болған еңбек М.Балақаевпен бірлесе жазған «Қазақ тілінің мәдениеті» (1971) кітабы екенін көрсетті. Бұл кітапқа қысқа уақыт аралығында 16 сілтеме берілген. Бұл көрсеткіш зерттеу еңбектің жарық көргеніне жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ғылыми ортада құндылығы жоғары деп тұжырым жасауымызға мүмкіндік береді.

Сілтеме талдау нәтижесі ғалымның 1981, 1987 жылдары шыққан зерттеулеріне қазіргі күнге дейін сілтеме берілетінін көрсетті. Оған дәлел 1981 жылғы «Синтаксическая синонимия в современном казахском литературном языке» кандидаттық диссертациясының авторефератына 2015 және 2016 жылдары берілген шетелдік екі ғалымның сілтемелері, сонымен қатар 1987 жылғы «Синонимия синтаксических конструкций в современном казахском литературном языке» докторлық диссертациясына берілген шетелдік төрт зерттеушінің сілтемелері. «Сөз сарасы» еңбегі 1989 жылы шықса да, 2013-2020 жылдар аралығында 5 сілтеме жинаған. Бұл ғалымның зерттеу қорытындыларының құндылығын, тұжырымдарының өміршеңдігін көрсетеді.

М.Серғалиұлы зерттеулерін оқып, жұмысында пайдаланғандар қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілер ғана емес, Ресей, Қырғызстан, Азербайжан, Өзбекстан елдерінің зерттеушілері. Қырғыз, азербайжан, татар, қарақалпақ, башқұрт тілдерінің синтаксис саласындағы синонимдік құрылымдар тақырыбын зерттеуде ғалымның зерттеуінің нәтижелері ықпалды болған. Мұның өзі М.Серғалиұлының зерттеу тұжырымдарының түркі тілдерінің лингвистикасының дамуына үлес қосатынын байқатып отыр.

М.Серғалиұлының еңбектеріне сілтемелер саны сілтеме талдауында көрсетілген саннан да көп болу мүмкіндігі даусыз. Бір ескеретін жайт көптеген дерекқорлар өздерінің контенттерін Google академиялық платформасында индекстеуге мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар халықаралық дерекқорларда негізінен ағылшын тілінде жазылған ғылыми жарияланымдар индекстеледі. Қазақ тілді басылымдарда жарияланған Мырзатай Серғалиұлының көптеген еңбектеріне берілген сілтемелер саны есепке алынбай қалып отыр. Зерттеу барысында мен Google Scholar-да қазақ тіліндегі ғылыми жарияланымдардың Ғылыми сілтеменің Ресейлік Science Index индексімен (elibrary.ru) жиі шығатынын байқадым. Ендеше, бұл отандық ғалымдардың осындай индекстелетін дерекқорларда жарияланымдарының есепке алынуын ескеру және қадағалау қажеттігін көрсетеді. Сондай-ақ ең маңыздысы отандық индекстелетін дерекқорларды құрудың маңыздылығы мен өзектілігін көрсетіп беріп отыр.

Әдебиеттер тізімі:

1. Цитата. URL:
<https://termincom.kz/search/?termin=%D0%A6%D0%B8%D1%82%D0%B0%D1%82%D0%B0&cid=0>
2. Әлеуметтік лингвистика сөздігі / Абасилов А. – Алматы, 2016. - 168 бет. URL:
<https://sozdikqor.kz/search?q=%D0%B4%D3%99%D0%B9%D0%B5%D0%BA%D1%81%D3%A9%D0%B7>
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. - 752 б. URL:
<https://sozdikqor.kz/search?q=%D0%B4%D3%99%D0%B9%D0%B5%D0%BA%D1%81%D3%A9%D0%B7>
4. Gross P.L.K., Gross E.M. College libraries and chemical education // Science. – 1927. - Vol. 66. – P. 385-389
5. Bosman J, Mourik I. van, Rasch M., Sieverts E., Verhoeff H. Scopus reviewed and compared. The coverage and functionality of the citation database Scopus, including comparisons with Web of Science and Google Scholar [Текст]. - Utrecht University Library, 2006. - P. 1-63